

The literary and cultural ties between the Kazakh and Tatar peoples have a history of several centuries. Speaking about Kazakh-Tatar relations, it is important to mention the positive influence of Tatar women on Kazakh society. We decided to consider this issue in our study. From a literary and cultural point of view, it is necessary to focus on a few Tatar mothers. How did the rationale for considering the role of Tatar women in Kazakh society occur? The answer to this question lies in the fact that from the second half of the 19th century, the influence of Imperial Russia on Kazakhstan grew. In this regard, the migration of Tatars to Kazakh lands increased due to various factors. The marriage rate between Kazakhs and Tatars also increased due to the fact that they have the same religion, language and origin. In this regard, the spouses of prominent Kazakh figures were of Tatar origin. These and other questions are discussed in the introductory part of the article. In particular, the issue of women equality in the Turkic Muslim world, women's freedom in the Turkic society is considered. In the main part of the article, some points of view were expressed about the literary and historical image of Tatar women in Kazakh society (the women were remembered for their moral work), and conclusions were drawn based on data and facts. The final part of the article states that it is necessary to remember the work of Tatar mothers who became honorary figures of our people for their great contribution to the history of Kazakh literature and culture.

Key words: Tatar-Kazakh relations, literature and art, women equality, gender equality, Tatar intelligentsia, Tatar spouse of Kazakh intellectuals.

Received: 05.06.2022

МҒТАР 17.17.01

Н.Н. Айсенова

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ БАЛА ЖӘНЕ БАЛАЛЫҚ КӨРІНІСІ

Қазақ елі тәуелсіздік алғалы әдебиеттің әр саласы шынайы даму жолына түсе отырып, жанрлар түрленіп, түрлі тақырыптар аясы кеңейіп, жаңарып, әдеби процесс те қазіргі заманның жаңашыл талаптарына қарай ойысты. Соның нәтижесінде балалар әдебиеті, оның ішінде балалар прозасы да жаңа түр, сипат алды, соған орай балдырғандар, жеткіншектер, жасөспірімдерге рухани азық беретін балалар әдебиетінің алатын рөлі де өсе түсті. Сол себепті балалар әдебиетінің қазіргі даму келбетін, қоғамнан, мектеп өмірінен алатын орнына жіті талдаулар жасап отыру өзекті мәселелерге айналды.

Қазақ балалар прозасы, оның ішінде әңгімелердің тамыры тереңде жатыр. Балалар әңгімелері ХІХ ғасырда педагог, ағартушы, ғалым Ы. Алтынсарин есімімен ресми жазба түрде басталған еді. ХХ ғасырда балалар әдебиетінің барлық жанры толысып, толықты, өркендеді. Ал тәуелсіздік алған жылдардан бергі қазақ балалар прозасы, әсіресе әңгімелер жаңа даму өрісіне ие болды. Шәкен Күмісбайұлы, Арасанбай Естен, Сұлтан Қалиұлы, Әдібай Табылды, Толымбек Әбдірайым, Асқар Алтай, Маркиза Базарбайқызы сынды жазушыларымыз сапалы, әсерлі әдеби туындыларды келтірсе, Есей Жеңісұлы, Қалмахамбет Мұхаметқали, Бейбіт Сарыбай, Аягүл Мантаева, Әдина Жүсіп, Серікбол Хасан, Нұрлан Құмар, Есей Жеңісұлы, Қалмахамбет Мұхаметқали тәрізді жастар легі балалар әдебиетіне жаңа пішінде, жаңа бағытта туындылар әкеліп жүр. Осыған орай қазіргі кезең балалар әдебиетінде жаңа буын жазушылардың прозасын зерттеу, ғылыми айналымға енгізу әдебиеттану ғылымының негізгі мәселелері деуге негіз бар. Осы тұрғыдан

келгенде, мақалада балалар жазушылары Қанағат Әбілқайырұлы, Аягүл Мантаеваның әңгімелері талданып, әңгімелеріндегі балалық ұғымы қарастырылады.

Кілт сөздер: бала, балалық, әңгіме, тақырып, жанр, балалар әдебиеті, проза, кейіпкер, концепт, әдеби образ.

KIPICPE

Балалар әдебиеті – өзінің қозғайтын тақырыбы, айтар ойы мен идеясы, сюжеттер желісі, бейнені көрсету мен сипаттау тұрғысы бойынша өзіндік ерекшелігі бар сала. Бұл сала бала түсінігі, оның күнделікті өсіп, дамуына қажетті тағылым көзі, жеке тұлға ретіндегі ертеңгі рухани адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін қалыптастыратын өмірдің маңызды қызметін де атқарады. Балалар әңгімелерінің негізгі тақырыптары еңбек, адалдық, қамқорлық, білім, өнер, достық, бай мен кедей, жомарттық, мейірім болса, қазіргі уақыттағы балалар жазушыларының қаламынан шыққан туындылары да осы тақырыптардың жалғасы. Жоғарыда аталған әрбір тақырыпқа жазылған балалар туындыларында балалардың өзіне тән мінез-құлқы, характері, іс-қимылы сол шығарманың бас кейіпкері болып отырған кішкентай баланың, бүлдіршіннің, жасөспірімнің болмысын ашады. Бала – адам өмірінің жалғасы. «Адамның бір қызығы бала деген» деп хәкім Абай айтқандай, бала – адамзат үшін ең басты байлық. Адамның өмірі мен сәніне айналып отырған баланың ең бір тәтті, қайта оралмас сәті – оның балалық шағы. Осы орайда «балалық шақ» концептісі – әлем әдебиетінде қарастырылған маңызды тақырыптардың бірі, ол өзінің эволюциясы кезінде бірнеше рет қайта қаралып қалыптасты. Балалық шақ ең маңызды моральдық-философиялық және рухани-адамгершілік тақырып ретінде отандық жазушыларды үнемі қызықтырады. Мәселен қазіргі қазақ балалар жазушыларының ішінде Толымбек Әбдірайымов, Маркиза Базарбайқызы, Ақберен Елгезек, Аянгүл Мантай, Асқар Алтай, Әдина Жүсіп, т.т. жазушыларымыздың осы тақырыпқа жүгінгені байқалады. Балалық шақ – бала өміріндегі бір рет өтетін ең тамаша кезең. Әдетте, баланың бақытты өмір сүріп, ата-анасына еркелеп, алаңсыз жүруі оның ата-анасына, отбасына тікелей байланысты. Жасыратыны жоқ, қазіргі уақытта балалардың түрлі зорлық-зомбылықты көріп өсуі, болашақта олардың қандай тұлға ретінде қалыптасуы балаға кезінде ата-ана тарапынан берілген жылулық, махаббатына тікелей байланысты. Осыған байланысты қазіргі балалар әңгімелерінде көбіне балалық шақтың қызықтары, бала қиялы, жетімдік, бала мен ересектердің арақатынасы сияқты тақырыптар қозғалады.

HEГIЗГІ БӨЛІМ

– Қазіргі қазақ балалар әңгімелері жаңа көзқарас пен уақыт талаптары тұрғысынан зерделеніп, жанрлық, көркемдік тұрғыдан талданып, сараланған;

– Жазушылардың балалар психологиясын айқын ашатын тақырыптарды терең және дер кезінде көре білуі, соларды көркемдік тұрғыдан жинақтап, шынайы суреткер ретінде негізгі мақсат пен идеяға жету жолындағы ізденістерінің қыр-сыры талданған;

– Қаламгерлердің шығармаларындағы психологиялық иірімдер,

философиялық толғаныстар қазақ әңгімелерінің дамуына үлкен үлес қосқан;

– Кейіпкер бейнесін сомдаудағы қаламгерлердің суреткерлік шеберлігі мен тақырыпты көркемдік мақсатта зерттеп-зерделеу, сол арқылы қолданысқа енгізе алған өзіндік жазушылық әдіс-тәсілдері, дара қолтаңбасы және жазушылық, стильдік ерекшеліктерінің сыры ашылады;

– Қаламгерлер қолтаңбасын даралап тұратын өзіндік тақырыптық-идеялық ізденістері, қаламгерлердің шығармашылық үдерісіне оңтайымен және сәтті, жемісті қолдана алған тілдік өрнектері, сөздік қоры нақты мәтіндік талдау негізінде сарапталады.

Тырнақалды туындылары жаңа ғасырдың алғашқы жылдарымен қабат баспасөз беттерінде жарияланып, сыншылар тарапынан аты ауызға алына бастаған жас жазушының

бірі – Қанағат Әбілқайырұлы. Қанағат Әбілқайырұлының «Естелік», «Сурет», «Аққұлақ пен ұялас» атты әңгімелері «Қазақ әдебиеті» газетінде бір жылдың ішінде араларына алты ай салып жарық көрген.

Қанағат Әбілқайырұлының туындыларынан мұңның басым екендігін аңғардық. Балалықтың бал шағынан енді ғана қара үзіп келе жатқан кезеңінде жазғандығынан болар. Қанағаттың әңгімелерінен балалық шаққа деген сағыныш ізі байқалады. Алғаш аталған екі әңгімесінде бала кездің естелігі болып жүрек түкпірінде сақталған оқиғалар еске түсіру тәсілі арқылы баяндалса, соңғы аталған туындысынан автордың балалар әдебиетіне деген бетбұрысын байқауға болады.

«Естелік» атты әңгімеде кеше ғана қасында жүріп, сәбилік шақтан бозбалалыққа дейін бірге өскен, бір кездердегі тұлымшағы желбіреген жылаңқы қыздан құлын мүсінді бұла бойжеткенге айналған сыныптас арудың беймәлім аурудан көз жұмуы, бойжеткен шағында сыныптағы ер балалардың бәрінің көз құртына айналып, іштей ғашық еткен сұлу қыздың орны толмас қайғысының барлығын бірдей күңіrentіп кетуі, алтын ұя мектеппен қоштасу кешінде қыз әкесінің оның жанына жақын тартқан заттарын достарына таратып беруі секілді көңіліңді қозғар жайттар баяндалады.

Қысқа ғана әңгіменің қысқаша мазмұнын жоғарыдағыдай түйіндеуге болады. Туынды әңгіме жанрының өзіндік ерекшеліктеріне сай баяндау үлгісінде жазылған. Аясында сағыныш мұңы жатқан әңгіме кім-кімді де болса тебіrentіп өтері анық. Әңгімеде қаламгер әрбір адамның басынан өтетін балалық шаққа тән әбес қылықтар мен жастықтың жалыны шарпи бастағанда сол қыңыр қылықтарына қысыла қарайтын ұяң бозбалалықтың тартыншақ келетін мінез-құлқын дөп басып бере алған. Кеше ғана қуыршағын құшақтаған кішкентай қызды шашынан тартып ренжітіп, әлденесін алып қойып, әлімжеттік жасағанына бозбала болған тұсында ұялып, ешкімге айтуға батпайтын, іштей жаңа тұтанып келе жатқан бұла сезімді білдіре алмай тыпыршып, қыз есімін кез келген жерге сәндеп, әсемдеп жазуды әдетке айналдырып, сондай-ақ жоқты-барды сылтау етіп қыз жанына жиі барғыштай беретін жігіттік кездің мазасыз күйін Қанағат әңгімесінде әдемі жеткізе алған.

Осылайша қызығы мол бозбалалықтың куәсіндей болып енді ғана ояна бастаған алғашқы махаббатының аяқсыз қалуы мен бұла қыздың беймәлім аурудан қаза болуы әңгімеде шынайы бейнеленген.

«Себебі бізге беймәлім сырқатпен ол көз жұмғанда, біз оныншы класты аяқтап қалғанбыз. Кластағы ең жаман оқитын бала есікті шалқасынан ашып, көзі қып-қызыл болып кіріп келгенде, томаға-тұйық оқушысының оқыс мінезіне апайдың өзі бас болып, жамырай күлгенбіз. Сәл аңтарылып қалғанымен естігенін жеткізген хабаршымыз, сөзін аяқтай алмай ықылық атып, жылап жіберген. Қатал мұғалімді қиын сабағымен бірге мектепте қалдырып, қайыру бермей жүгіргенімізде қарсымыздан соққан жел жанарымыздан аққан жасты үзіп-үзіп алып қалып жатты. Аптыққан көңіл тез жетсе ажалға араша болардай асыққанымызда, бізді тежеген азалы үйден шыққан қайғылы үн еді» [1, 8].

Элегияға жақын әңгіменің кемшін тұстары да жоқ емес. Баяндау, суреттеу тұрғысынан кемшілік жоқтың қасы деуге де болады, жас жазушы әрбір сөзді, әрбір сөйлемді өз орнында қолданып, ойын шашыратпай, тиянақты жеткізе алған. Бірақ стильдік тұрғыдан әлі де жетілдіре түсуді қажет ететін тұстар жеткілікті. Мәселен, мына сөйлемді оқып көрелік:

«Кімге ынтықсаң соған «шөп те өлең, шөңге де өлең, өлең де өлең» болудан қалады». Ғашықтық сезімді білдіруге теңеудің бәрі ескі, күллі сөз әрсіз, қиялындағыны тап басуға қауқарсыз дегенді білдірмек болған жоғарыдағы сөйлемді нақтылай түсу керектігі байқалып-ақ тұр.

Немесе төмендегі келесі сөйлемді алып қаралық:

«Қос бұрымын өріп алдына тастап, мойнына ауылымыздың бәріне таныс қызыл орамалын байлап, танадай жанары ұшқын атып, бейнесі бұрынғыдан да жылы ұшырап, біз зорға қоштасқан оқушылық өмірде, қол бұлғаған балалық елінде мәңгі қала беріпті». Осы сөйлемдегі «мойнына ауылымыздың бәріне таныс қызыл орамалын байлап» дегендегі айтпағы пионерлер тағатын қызыл галстук болса керек. Бұл жерде ауылдың бәріне таныс

дегені орынды қолданыс емес. Әңгіме қызыл галстук жайында болса, ол тек автордың ауылына ғана таныс емес қой, оны тоқсаныншы жылдардан бастап дүниеге келген ұрпақтан басқалардың бәрі біледі. Ал бұл тұста қызыл галстуктің қатысы қанша дейтін болсаңыз, онда автор ол орамалдың неге ауылдың бәріне бірдей таныс екендігін нақтылай, анықтай түсуі керек еді деген ойдамыз.

Әңгіменің аяқ жағына қарай кездескен мына бір сөйлемнің де стильдік тұрғыдан ақсап жатқандығы байқалады:

«Ол уақытта қыздың не ойлағанын кім білген, мен арақ иісі сыртына шығып тұрған әкесін тас қылып құшақтап алып егілгім келді». Бұл жердегі қателік көзге анадайдан-ақ көрініп тұр. Сөйлемде бір кездерде өзі сыйлаған «Қош, махаббат» атты кітапты қыз әкесінің біршама уақыттан кейін мектеппен қоштасу кеші үстінде қайтарып беруі кезіндегі кейіпкердің сезімі бейнеленген. «Ол уақытта қыздың не ойлағанын кім білген» деп Қанағат кітапты сыйлаған мерзімді меңзеп тұрғанын, әрине, түсінеміз. Бірақ жоғарыдағы сөйлемге тағы да бір көз жүгіртіп қараңызшы, оны оқыған кезде сіз олай ойлай қоймайсыз, өмірде бар, дәл қазір қасында тұрған қыз жайлы айтты ма екен деген ойға қаласыз.

Осы секілді бірлі-жарымды сөйлемдері болмаса, жалпы алғанда, Қанағат Әбілқайырұлының «Естелік» атты әңгімесі – оқушы кездегі сезімдік шарпысуларды еске салатын, мектеп қабырғасында бастан өткерген алғашқы махаббаттың жүректердің түкпірінде мәңгі орын алатынын шынайы көрсеткен жақсы дүние.

Қанағат Әбілқайырұлының балалық шақты еске алу мотивінде жазылған келесі әңгімесі «Сурет» (2002 ж.) деп аталады. «Суретте» де басты кейіпкер – автордың өзі, туынды бірінші жақтан баяндалады. Ойда жоқта еске оралған балалық шақтың бір оқиғасы әңгімеге арқау болған.

– Тәтені неге көтеріп алған? – деп әкесінен сұрау салатын кішкене бала ағасының (әкесінің інісі) бір қызды көтеріп түскен суретін көрсету арқылы сонау алыста қалған бала кездің қайғыға қатысы бар оқиғасын еске салады. Жазушы шегініс жасау тәсілі арқылы өткенге көз жібереді.

«...Баласындай күнімде ағам қазіргі менің жасымда еді. Мен оны қатты жақсы көретінмін. Ол да мені қайда барса жанынан тастамайтын. Түнде де екеуіміз бірге ұйықтайтынбыз» [2, 8] деп қаламгер өткен өмірін қысқа баяндау арқылы оқыс бір жайттың алдан кезігеріне оқырманын алдын-ала дайындай бастайды.

Бір күні аяқ астынан қарбаластың көбейіп, «жеңгелі болдың» деп күле беретін ағасының әдемі тәтені үйге әкелуі мен енді мұның қасына жатпай, тәтемен бөлек бөлмеде ұйықтауы оны әбден ызаға булықтырған еді. Ағасы жұмыста болған бір күндерде «осы бөлменің не бәлесі бар» деген оймен олар жататын бөлмені қарап шығып, жаңа тәтені көтеріп түскен ағасының суретін көргенде өзін-өзі ұстай алмай, ашумен жаңа тәтенің бір құшақтай болып қалатын суретін бірде-біреуін қалдырмай жыртып тастайды. Қаламгердің жаңа түскен келіннің «ой, тентек бала, оның не?» деп теріс айналып кетуі мен шешесінің баласына деген ренішін көрсетуі де қазақы қалыпқа сай, ойға қонымды шыққан. Кішкентай баланың жаңа тәтеден ағасын қызғанған ниетіне көрінді ме екен, көп ұзамай бұл жеңгесіз қалады. Осы бір тұсты да автор қазақы ұғымға сай етіп сенімді бере алған:

«Көп ұзамай аға-жеңгем жол апатына ұшырап, ағам ауруханаға түсті.

Анам мені ертіп барғанда ол қолы-басы түгел ақ дәкемен таңылған, төсекте шалқасынан жатыр екен.

– Көп отырмаңыздар, – деген дәрігерге де қарамай кемсеңдеп отырған анама:

– Босқа егіле бермесейізші, болар іс болды ғой, – деді де маған қарап, – Кімнің қасына жатып жүрсің? – деді ағам. Мен үнсіз басымды шайқадым.

– Ең болмаса, бір суретін де қалдырмапсың ғой, – деді сосын күрсініп.

– Қу шешек-ай, осыған көрінді ме екен, келіннің түсі құп-қу болып кетіп еді, – деді анам.

– Ой, сіз де қай-қайдағыны айтады екенсіз. Бұл не білді дейсіз? Тек осылай жатқанда сурет те болса ермек еді ғой, – деді ағам».

Автор оқиғаның шиеленісер тұсы мен шешуі табылар шақта диалогты шебер пайдалана біледі.

Өмір бір орнында тұрмайды, өз ағысымен аға береді. Ол оқиғаның да көңіл көкжиегінен көшіп, ұмыт бола бастағанына ағасының екінші некесінен дүниеге келген ұлының, баяғыдағы өзі секілді, қыздарды көтеріп түскен мұның суреті жайында қазбалап сұрай бастағаны куә.

Автор әңгімесін төмендегіше аяқтайды:

«Өткен өмір жайында жеңгем біледі ме, жауап қайтармады. Ұрланып ағама қарадым, дауыс бізге анық естіліп тұрғандықтан мені ол қайтер екен деген әуестік жеңген еді. Ағам шалқасынан жатқан қалпы ұйықтап қалыпты, айқара ашылған газет бет-әлпетін түгел жасырған. Мүмкін, ояу, әйтеуір қазіргі калпынан түк ұға алмадым...». Туындысын көп нүктемен тәмамдаған қаламгер оқырманына екіұшты ой қалдырады. Оқиға мүлдем ұмыт болған не болмаса ағасының жүрек түбінде өткен өмірінің ізі сайрап жатыр деген қорытындының қайсысын таңдауды автор оқырманының өзіне жүктейді.

Қанағат Әбілқайырұлының келесі бір әңгімесі «Аққұлақ пен ұялас» (2002 ж.) деп аталады. Балалық шаққа саяхат – Қанағаттың қайсыбір әңгімесін алмаңыз, алыстан мен мұнда лап тұратын тақырып. Балалықтың бал дәуренін бастан өткеретін кейіпкерлерінің жатық тілі, балаға ғана тән іс-әрекеттер, олардың риясыз періште көңілін біліктілікпен суреттеу шеберлігі Қанағаттың балаң буынның түйсік-танымын тап баса алатын кәнігі балалар жазушысы болып қалыптасып қалғандығының айғағы.

Әңгіменің басты кейіпкері бес-алты жастағы кішкентай бала. Оның Аққұлақ атты қозысы мен Ұялас есімді итін қалай жақсы көретіндігі мен олардың болашақ тағдыры әңгіменің сюжеттік желісіне негіз болған. Итін атып тастап, қозысын қуырдақ қылған үлкендердің зорлығы кішкентай баланы есейте түсіп, үлкендерше ойлауға итермелейді. Ол Аққұлақ пен Ұяластың ендігі мекені о дүние туралы ойлай бастайды. Үлкендердің аузынан «Өлгендердің жаны көкке ұшып кетеді» дегенді естіген бала көкке барғанда екеуі бірін-бірі тауып алса, қорықпайды ғой деген қорытындыға келеді.

Автордың бұл әңгімесіне сыншылар тарапынан кезінде біраз базыналар айтылған болатын, енді сол пікірлердің кейбірімен таныс болайық. Мақтағаны да, даттағаны да аралас сыни пікірлердің оң ниеттегісін қоя тұрып, теріс баға берген тұсын мысалға келтірелік. Біздің де ойымызға келген дүниелер болғандықтан, Таласбек Әсемқұлов, Амангелді Кеңшілікұлы секілді кәнігі сыншылардың әділ сынынан үзінділер келтіріп өтпекпіз. Т.Әсемқұлов былай дейді: «...Әңгіменің басындағы ана мен баланың диалогына құрылған эпизод ешқандай қажеттіліктен тумаған. Бұл жерде біз ауылға бастықтардың келе жатқанынан, отағасының отарға кетіп бара жатқанынан және таяу арада ауылдың жайлауға көшетінінен хабардар боламыз. Бар болғаны осы. Бұны неге диалог арқылы беру керек екені түсініксіз. Жас қаламгер біздің төл әдебиетіміздің ең ауыр сырқаты – бос сөзді әдемілеп, әспеттеп жеткізу дағдысын «жете» меңгепгені көрініп тұр» [3, 9]. Ал А.Кеңшілікұлы болса жас қаламгер әңгімесін мүлдем іске алғысыз етеді: «...Әңгімеде жүрегіңді тебірентетін шынайылық жоқ. Әңгімедегі Қанаттың әкесінің, оның Аққұлақ деген марқасын сою үшін атына өңгеріп әкелгендегі сәті мүлде нанымсыз. Әрине, өзінің әкесімен жасты адамды ашу-ызасы қайнаған кезде жас баланың боқтап жіберуі мүмкін. Бірақ баланың осы әдепсіз қылығына үй ішіндегі әке-шешесінің күле қарауы маған мүлде түсініксіз. Және онымен қоймай жас бала бастықты қалың кісінің ортасында боқтап жіберді емес пе? Бұл – өмір шындығының ауылынан алыс жатқан, әңгіменің бірінші кемшілігі. Әңгіменің екінші кемшілігі, көркем тілдің жұтандығы бірден көзге ұрып тұрады. Әңгімедегі бітпейтін диалог сөйлемдер оқушыны мезі қылып жібереді. Басқаша сөзбен айтқанда, жазушы көркем проза мен қарапайым публицистиканың тілін шатастырып алған, ойлау жүйесі қалыптаспаған. Әңгіменің үшінші кемшілігі – формалық ізденіс жоқ. Менің ойымша жазушы Батыс әдебиетінде бар бір дайын форманың үлгісін ала салған. Бірақ оның иінін игере алмаған.

...Сол себептен де әңгіменің жазылу формасы мүлде сәтсіз шыққан» [4, 9].

Әдебиет зерттеушілерінің сыни пікірлері бірін-бірі толықтырып тұрғандықтан және де мұнда айтылған ойлардың ақиқаттың ауылынан алыс жатпағандығынан да ұзын-сонар, бірақ нақпа-нақ ой түйіндеулерді қатар бердік. Сондай-ақ сыншылар пікірінің барлығымен дерлік келісетіндігімізді мұның алдында да атап көрсеткен болатынбыз.

Мәселен Аянгүл Мантайдың «Балалықтың көктемi» атты әңгімесінде басты кейіпкердің балалық шағының ең қызықты сәттері өз үйінде емес нағашысының үйінде, соның ішінде бір адамға қатысты өтуі ерекше жағдай. Бұл ойымыз: «Барған сайын бір жанды сағына іздеймін. Балалық дәуренім өткен үйден сол жанды қанша іздесем де кездестіре алмаймын. Шындығында оны енді ешқашан да көрмеймін. Осыны ойласам, ет бауырым езіліп, тереңнен бір өксу шығады. Сәуле он біріншіні бітірер жылы өкпесіне суық тиіп, сол кеселден көз жұмған», - деген үзіндіден айқындалады [5]. Басты кейіпкерге Сәуленің кейбір қылықтары «асқабақ» деп келеке қылғаны, әдейі атамды қызғандыруы ұнамаса да, оның балалық шағының қызықты өтуі тікелей Сәулеге қатысты еді. Ал сол қызықтарды: «Бізге сиыр бақтырған қатал нағашым опа таппады. Үшеуміз ойын қуып кеткенде, сиырлар өзбек шалдың бақшасын жалмап кеткен. Содан қауын-қарбыздың желінгені бар, жарылғаны бар, езілгені бар, рәсуа болған пәлегі бар, шалдың айтқанын төлеп құтылды-ау. Өзбек шал қанша сұрады, нағашым қанша берді, ол арасы бізді қызықтырмады. Бізді ол кезде ойыннан басқа ештеңе қызықтырмайтын. Аш құлақтан тыныш құлақты көздеген нағашым бізге сиыр бақтыруды мүлде қойды. Рахат! Нағыз бостандық. Шыжыған күн астында сиыр артында жүрмейміз... Жазда ауылда той көп. Әжемнің көлеңкесіндей бір елі қалмаймыз. Кәмшат қалса да, Сәуле екеуміз әжеме қосақталып қалғандай қайда барса, сонда барамыз. Қуақуа әжем де шаршады. Байқаймын, біздің барып, ыстық бауырсақ, кәмпитке тойып қайтқанымызды әжем де теріс көрмейтін сияқты... – Әжем саған тамағын жеп алсын, – дейді. – Ішпеймін. Алдап шақырып дуанаға беріп жібермек қой. – Олар сені әшейін қорқытып, алдап жатыр. Байқамадың ба, атам дуанаға көзін қысып сөйледі ғой. Үлкендер әзілдейтінін, бала деп қорқытатынын сен білмейсің бе? – деп білгішсінген, үлкендердің құпиясын менен гөрі білетініне мақтанған Сәуле шікірейіп, таңқы мұрнын қорқ етіп тартып алды. Тағы да менен оның басым түскенін қызғандым. Сонда да үй жаққа баруға қорқамын», - деген үзінділерден байқаймыз [6]. Бұл үзінділердегі балалардың ештеңеге жауапты болмай, еркіндікте жүруі, үлкендерге еркелеп, қызықтан құр қалмауы, әзіл-қалжыңды түсінбей тура қабылдап ренжуі – барлығы балалыққа тән қасиеттер. Бала кезде бұзақылық жасап, үлкендердің «жазалауына» душар болуы – есейген соң қызықты, тәтті естеліктерге айналатыны ақиқат. Той болсын, басқа болсын балалардың үлкендерге еріп баруын қызық көргенімен, білсем, көрсем деген қағидамен олар өмірді жақынырақ тани түседі. Ақыл тоқтар жасқа жеткенше баланың ұрыншақ болуы, «біреудің бақшасындағы алма тәтті көрінеді» дегендей өзің де бар болса да, басқанікіне қызыға қарау – балалықтың бір заңдылығы сияқты. Өз үйінде қой сойылса да, көрші үйдегі үйректің сорпасын аңсауы, жылқылы үйдің баласы болып, біреудің үйретіп жатқан жабағысына мінгісі келуі – аңқаулыққа толы балалық шақтың бір көрінісі. Осы ойымыз Әдина Жүсіптің «Асқабақтың әлегі» атты әңгімесінде де суреттеледі: «Міне, біз асыға күткен күн де жетті. Бүгін түнде Асан атаның қауынын ұрламақшымыз. Ол біздің ұрлағанымызды бәрібір біледі. Ал бізге қауын ж есек болды. Менің әкем де бақша егеді. Бақшамызда бәрі бар. Қауын да, қарбыз да. Бірақ неге екенін кім білсін, жылда Асан атаның қауыны ерте піседі...» [7] - деген үзіндісінен ашыла түспек. Өзі әңгіменің «Қауын жарықтық тәттілігін қойса, біз де Асан атаның бақшасына түсуімізді қояр едік» - деп басталуы бекер емес. Демек, балаларды «бұзақылыққа», «қияңқылыққа» жетелеп тұрғаны жәй ғана тәтті қауын. Балалық па, балалық! «Міне, төртеуміз келіскен жерде кездесіп отырмыз. Үшеуінің бастары салбырап кеткен. Араларында еңсесін биік ұстап отырған мен ғана. Өйткені, мен олжалымын. Қазір мыналар басқа бір айла тапқаннан кейін менің «тәтті қауынымды» қорада отырып алып жемекшіміз. Достарым ертең міндетті түрде Асан атаның піскен қауындарын ұрлап алатын болып келісті. Енді, міне төртеуміз біздің қорада отырмыз. Ақтөс біз екенімізді білгеннен кейін шәу етті де, қоя қойды. Бағана ас үйден дәу қара пышақты білдіртпей ала кеткенмін.

Шөптің арасынан зілдей дәу «қара қауынды» алып шығып кесейін десем дәу қара пышағымның тісі батпады. Міне, керемет! Әрі тығам, бері тығам, пышақ өтпейді. Бір кезде Ербол: – Тфу! Мынауың асқабақ қой! – деп айқайлап жібергенде басым зың ете қалды. Сол минуттан бастап дүниедегі асқабақ атаулыны әбден жек көріп кеттім. Атып тұрып дәу асқабақты жерге алып ұрып, ортасынан қақ бөлдім. Енді көрмегенім асқабақ болсын! Осыншама бар жан-тәніңмен дайындалып келіп, тәтті қауын деп жей бергенінде ол көк асқабақ болып шықса, сен де ашуланбай көр...» [7]. Келтірілген үзінді де кейіпкердің аңқаулығымен қоса, балаға тән тентектілігі де бар. Достарының арасында олжалы болып, мәз-мейрам көңіл-күйде отыруы, басқаларының қолынан келмеген үлкен шаруаны тындырғансып отыруы – аңқаулықтың жүз дәлелі. Тәтті қауын деп отырғаны асқабақ болып шыққандағы кейіпкердің көңіл-күйі түсіп, асқабақты жерге алып ұрып, ортасынан қақ бөлуін сол балаға тән тентектілік деп білеміз. Балалық дегенде әр адамның ойына туған ауылы, отбасы, жанына жақындары елестейтіні анық. Әр бүлдіршіннің балалық шағының бақытты болуы оның жақын адамдарының берген махаббаты, жақсы сөзі мен тәрбиесі екені хақ. Ересектердің балаға қалаған жаңа киім немесе ойыншығын алып беруі, оны қуантуы бала жүрегінде мәңгілік сақталатын естелік болады. Осындай оқиғаға құрылған балалар жазушысы Әлібек Файзуллаевтың «Жаңа бәтеңке» атты шағын әңгімесіндегі Мақан есімді кейіпкерге апасы жаңа бәтеңке сыйлағанда жерден жеті қоян тапқандай күйде болып, қуанышын жасыра алмай біресе әкесіне, біресе сыныптасына, біресе жездесіне көрсетіп мәз болуы суреттеледі: «Апасы Мақанға жаңа бәтеңке сатып әперді. Ескісін шешіп тастап, жаңасын алмастырған Мақан аулада жүрген әкесінің қасына жетіп барды. - Көке, бәтеңкем қалай?! - деді ол екі танауы бірдей делдиіп.

- Жақсы екен!

- Бұл мақтау сөзге мәз болған Мақан жүгіріп көрші үйдегі сыныптасына жетті.

- Сауран, бәтеңкеме қарашы! - деді ол ентіге сөйлеп.

- Тамаша-а!

-Мақан енді құстай ұшып ауылдың шетінде тұратын жездесінің үйіне келді.

- Аға, бәтеңкем қандай?! - деді ол аптыққан күйі.

- Жақсы екен, керемет! Осылай әбден шапқылап-шапқылап үйіне оралған Мақан аяғындағы жаңа бәтеңкесінің лай-лай сатпақталған түрін көріп, томсырайды да қалды» [8]. Аталған үзіндіде бала Мақанның кіршіксіз таза, шын балалық пейілі аңғарылып тұр. Су жаңа бәтеңкесіне қуанып, анда-мында жүгіріп көрсетуі – балалық шақтың керемет кезеңі. Аптығып жүгіріп жүріп, үйіне келгенде жаңа бәтеңкесінің сатпақ болғанын көріп, томсырайып қалуы – балаға тән қасиет. Қорытындылай келсек, «балалық шақ» концептісіне жоғарыда келтірілген балалар жазушыларының біраз әңгімелері талданды. Әңгімелердің тақырыбы ортақ болғандықтан, кейіпкерлердің іс-әрекеті, болмысы ұқсас. Балалық шақ – әр адамның сағынышпен еске алатын тәтті кезі. Алаңсыз ойнап, ата-анаңның арқасында не жеймін, не ішемін деп уайымдамайтын қайта оралмас, естелікке толы, адам жүрегінен орын тепкен ұмытылмас уақыт.

Балалар прозасы жайында: «Қазіргі қазақ балалар прозасы (1970-1990) бұрнағы кезеңдермен, айталық, жиырмасыншы–алпысыншы жылдар аралығында жарық көрген осы жанрдағы туындылармен салыстырғанда, өмір шындығын көркемдік тұрғыдан игеру ауқымының кеңдігінен, образдар табиғатының күрделілігімен, көтерген адамгершілік-моральдық мәселелерінің өткірлігімен, кейіпкерлер жан дүниесін тереңдей тануымен, әлеуметтік–азаматтық тыныстылығымен һәм белсенділігімен ерекшеленеді», – деп баға береді белгілі балалар әдебиетін зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Бекен Ыбырайымов [9, 248].

Жастар прозасын барлап отырсақ, негізгі кейіпкерлердің кілең білгіш, аңғарғыш болып келуі, көбінесе өз атынан әңгімелеуі, яғни, шығармалардың жиі бірінші жақтан жазылуы, үлкендердің әрекеттерінен әйтеуір бір ұнамсыз астар тауып алып, соған шама-шарқынша қарсылық жасауы, ақыры жеңіп шығуы осы сюжет қайталанып келеді.

«Жастар прозасында ізденіс олқылығын көрсететін тағы бір дәлел – тың тақырыпты арқау еткен бір де бір туынды жоқтығы. Сайып келгенде соны тақырып – қаламгердің ұлан-қиыр өмір шындығының игерілмеген бір тыңына түрен салуы. Мұндай іске талант қажеттігі өз алдына, оған қоса байыпты батылдық пен білгірлік те қажет. Ептеп күлдіретіп, аздап толғандыратын ситуацияларды, кейбір қызықты характерді тауып алып, соны айналсоқтай беру, қол-аяғын созып-созып суреттей беру аз» [10, 197].

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі бала – әлемнің алыс деген небір қиыр түкпіріндегі елдердің өмірі мен өнерін, ғылым мен техниканың таңғажайып жетістіктерін, бұрын құлақ естіп, көз көрмеген жан-жануарлардың тыныс-тіршілігімен мерзімдік басылымдар, кітап, теледидар мен радио арқылы жан-жақты танысып отырған оқырманның ең жас буыны. Бірден-бірге ауысқан таныс сарындарды қайталау, композиция құрудағы шалағайлық пен асығыстық, терең әлеуметтік талдау жасай алмау, диалог-монологтардағы ұқсастық, характер ашуға септігі аз жайларды жағалап жүріп алу, сөйтіп, шұбалаңқылыққа ұрыну, әрі сондай сәттерді орынсыз қонымсыз пайдалану, жасандылыққа тізгін беру – жастар прозасының дамуына әсерін тигізуде.

Қазіргі қазақ прозасының жаңа қарқын алып дамуының негізгі бағыттары ел тәуелсіздігімен сабақтасады. Көркем әдебиет қашанда өз оқырмандарын заманына сай тұлға етіп тәрбиелеуді мақсат етеді. Тәрбие бағыттарына байланысты әдебиеттің де тақырыптық арнасы кеңіп отырады. Қазіргі қазақ балалар прозасының жаңарған бағыттары негізінен ұлттық рухта, ұлттық дүниетаным аясында дамып келе жатқанын байқаймыз. Адамзат баласына ортақ саналатын мәңгілік тақырыптар қазақ дүниетанымымен үндесіп көп қырлы балалар әдебиеті қалыптасып келе жатыр.

Қазіргі кезең балалар әңгімелерінің ерекшеліктері неде дегенде, біріншіден, балалардың жас ерекшелігіне сай әңгімеде қақтығыс, тартыс, қызықты да ойнақы, динамикалы сюжет болуы тиіс. Екіншіден, мектепке дейінгі жастағы балалар мен балдырған балаларға арналған әгімелерде автордың кейіпкерлерге деген көзқарасы неғұрлым айқын да нақты болу шарт. Үшіншіден, кішкентай жастағы балаларға арналған әңгімелерде кейіпкерлер мінезі олардың қылықтары арқылы неғұрлым кеңірек ашылса, ересек балалар бейнеленген шығармада кейіпкерлер сипаттарының қалыптасу процесі, кезеңдері сарапталып, одан әрі кеңейтіліп қамтылуы қажет. Төртіншіден, балалар әңгімесінде таным мен тәрбие ұштаса суреттелуінің мәнділігіне ден қою, бесіншіден, әңгімеде сонымен бірге баланың жас ерекшелігіне сай бейнелі тіл болуы тиіс екені ескеріледі. Алтыншыдан, әңгімені баяндау мәнері әр жастағы балалардың қабылдауына сай болуы қажет, жетіншіден, кіші жастағы балаларға арналған туындыларда оқиғалардың неғұрлым тез дамып, қимыл-қозғалысқа, ықшамды әрекетке толы болуымен, ал ересектерге арналған әңгіме оқиға күрделілігімен, алуандығымен, шиеленісімен ерекшеленеді.

Балалар әңгімелерінің тақырыптық ауқымы да кеңіп, экологиялық, ғылыми-техникалық, ұлттық, этнографиялық, тарихи танымдық, фантастикалық т.б. болып келеді. Ғылыми жұмыста талдау нысанына алынған Асқар Алтайдың «Сарытау серісі», «Аютамыр», «Бөкентұмсық» әңгімелері табиғаттың сұлулығы мен табиғат құбылыстарының ерекшелігі, жануарлар тіршілігі туралы болса, Ә.Толымбектің «Еркешора», «Тұнжыр», «Мейірім», «Қайыңның көз жасы», «Жоғалған сөмке», «Наурыз» әңгімелеріндегі балалардың ерекше мінездері мен әр түрлі жағдаяттарға түскендегі бала мінездері қызықтырып, оқырманын өзіне тартады. Бейбіт Сарыбай «Менің Қазақстаным» әңгімесінде өсіп келе жатқан бүлдіршін сұрақтары арқылы патриоттық мазмұнды шығарма тудырған. Айкерім Қиықбайдың «Ағамның ақ ұшағы» әңгімесінде ұрпақтар сабақтастығы мен оның қайшылықтары туралы мәселе қозғалса, Лира Қоныстың «Тиын» әңгімесінде де бала көзқарасы мен бала ғана тән әлеміндегі дүниетанымы баяндалады. Әр шығарманың өзіндік ерекшелігі мен жазылу стилі, баяндау, суреттеу тәсілдері сан қырлы. Бұл біздің қазіргі қазақ

балалар әңгімелердің сан тарау бағытта қаулап өсіп келе жатқанына айғақ. Тағы бір байқағанымыз, қазіргі балалар әңгімесіндегі көркемдік ізденістер не дегенде, әңгімелер оқиғасы балаларды қызықтырып, бір демде оқып шығуға жетелейді. Сюжеттерді тым қоюлатпай-ақ, бала танымына ықпал ететін, ой салатын шығармаларды жазушылар мол ұсынып жүр.

Түйіндеп айтсақ, қазіргі кезең балалар әңгімелерінде кейіпкерлер әлемін сомдауда жазушылар бала психологиясына сай келетін оқиғаларды өрбітіп, харктерлерді туғызады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әбілқайырұлы Қ. Естелік // Қазақ әдебиеті. – 2002. – №28. – 8 б.
- 2 Әбілқайырұлы Қ. Сурет // Қазақ әдебиеті. – 2002. – №49. – 8 б.
- 3 Әсемқұлов Т. Жас қаламгердің ниеті қуантады // Қазақ әдебиеті. – 2002. – №34. – 9 б.
- 4 Кеңшілікұлы А. Өнер де – формалық ізденістің нәтижесі // Қазақ әдебиеті. – 2002. – №34. – 9 б.
- 5 Қабдолов З. Жанр сыры. – Алматы. Қазмемкөркемәдеббас, 1964. – 169 б.
- 6 Майтанов Б. Психологизм – прозадағы жаңашыл арна. Уақыт және қаламгер: Әдеби сын. – Алматы: Жазушы, 1980. – 189 б.
- 7 Жүсіп Ә. Қоңыр Қонжық. Ертегілер. – Алматы: Таймас, 2011. – 20 б.
- 8 Қоныс Лира. Тиын // Қазақ әдебиеті. – 2006. – №2. – 9 б.
- 9 Ыбырайымов Б. Қазіргі қазақ балалар повестерінің көркемдік ерекшеліктері. ф.ғ.к. дисс. – Алматы. 1990. – 163 б.
- 10 Қазақ ертегілері. Екінші том. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962. – 470 б.

Материал 20.06.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Abulkaiyruly, K. (2002) *Estelik [Memory]* // *Kazakh Literature*, 28. (In Kazakh).
- 2 Abulkaiyruly, K. (2002) *Suret [Painting]* // *Kazakh Literature*, 49. (In Kazakh).
- 3 Asemkulov, T. (2002) *Zhas qalamgerdin nieti kuantady* [The intention of the young writer pleases]. // *Kazakh Literature*, 434. (In Kazakh).
- 4 Kenschilikovich, A. (2002) *Oner de – formalyk izdenistin natizhesi* [Art is the result of a formal search]. // *Kazakh Literature*, 434. (In Kazakh).
- 5 Kabdolov, Z. (1964) *Zhanr syry* [The mystery of the genre]. Almaty. Kazmemkorkemadabbas. (In Kazakh).
- 6 Maytanov, B. (1980) *Psihologizm – prozadagy zhanashyl arna. Uakyt zhane kalamger: Ədebi syn* [Psychologism is an innovative channel in prose. Time and the writer: Literary criticism]. Almaty: Zhazushy.
- 7 Zhusip, A. (2011) *Qonыр Qonzhyk. Ertegiler* [Brown Bear. Fairy tales]. Almaty: Taimas. (In Kazakh).
- 8 Konys, L. (2006) *Tiyn* [Coin]. // *Kazakh Literature*, 2. (In Kazakh).
- 9 Ybyraimov, B. (1990) *Kazirgi kazak balalar povesterinin korkemdik erekshelekteri*. [Artistic features of modern Kazakh children's stories. [Cand. Sci. (Philology) Dissertation]. Almaty. (In Kazakh).
- 10 Ysmayilov, E. (1962) *Kazak ertegileri. Ekinshi tom* [Kazakh fairy tales. Vol. 2]. Almaty: Kazakh State Publishing House of Fiction. (In Kazakh).

Отражение детства в казахских рассказах

Н.Н. Айсенова

Университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

С обретением независимости каждая отрасль литературы вступила на путь подлинного развития, жанры трансформировались, расширялись и обновлялись в различных темах, а литературный процесс развивался в русле современных новаторских требований. В результате детская литература, в том числе и Детская проза, приобрела новый вид, характер, в связи с чем возросла роль детской литературы, дающей духовную пищу детям, подросткам, подросткам. Поэтому актуальными стали вопросы современного развития детской литературы, ее место в жизни общества, школы.

Казахская детская проза, в том числе рассказы, имеет глубокие корни. Детские рассказы были начаты в XIX веке в официальной письменности под именем педагога, просветителя, ученого И. Алтынсарина. В XX веке все жанры детской литературы были полны, полны, процветали. А казахская детская проза, особенно рассказы, с момента обретения независимости обрела новое поле развития. Наши писатели, такие как Шакен Кумисбаевич, Арасанбай Естен, Султан Калиевич, Адибай Табылды, Толымбек Абдираим, Аскар Алтай, Маркиза Базарбаевна, представили качественные, впечатляющие литературные произведения, такие как Есей Женисулы, Калмахамбет Мухаметкали, Бейбит Сарыбай, Аягуль Мантаева, Адина Жусуп, Серикбол Хасан, Нурлан Кумар, Есей Женисулы, Калмахамбет Мухаметкали, в новой форме, в новом направлении. В связи с этим на современном этапе изучение, введение в научный оборот прозы писателей нового поколения в детской литературе является одной из основных проблем литературоведения. С этой точки зрения в статье анализируются рассказы детских писателей Канагат Абулхайровича, Аягуль Мантаевой, рассматривается понятие детства в рассказах.

Ключевые слова: Ребенок, детство, рассказ, тема, жанр, детская литература, проза, персонаж, концепт, литературный образ.

Материал поступил в редакцию журнала 20.06.2022

Childhood and childhood reflection in Kazakh stories

N.N. Aisenova

Sh. Ualikhanov Kokshetau State University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

With the independence of the Kazakh country, each branch of literature entered the path of genuine development; genres were transformed, expanded and updated in various topics; and the literary process developed in line with modern innovative requirements. As a result, children's literature, including children's prose, has acquired a new look, character; therefore, the role of children's literature has increased, giving spiritual food to children and adolescents. Thus, the issues of the modern development of children's literature, its place in the life of society and schools have become relevant. Kazakh children's prose, including short stories, has deep roots. Children's stories first appeared in official writing in the 19th century, their author was the teacher, educator, scientist I. Altynsarin. In the 20th century, all genres of children's literature existed and flourished. Kazakh children's prose, especially short stories, has gained a new field of development since independence. Our writers Shaken Kumisbayevich, Arasanbay Esten, Sultan Kaliyevich, Adibay Tabyldy, Tolymbek Abdiraim, Askar Altay, Marquise Bazarbayevna, presented high-quality, impressive literary works; Yesei Zhenisuly, Kalmakhambet Mukhametkali, Beibit Sarybay, Ayagul Mantayeva, Adina Zhusup, Serikbol Hassan, Nurlan Kumar, Yesei Zhenisuly, Kalmakhambet Mukhametkali worked in a new form, in a new direction. In this regard, at the present stage, the study and introduction into scholarly discourse of the prose of writers of a new generation in children's literature is one of the main problems of literary criticism. From this point of view, the article analyzes the stories of the children's writers Kanagat Abulkhairovich and Ayagul Mantayeva, and examines the concept of childhood in the stories.

Key words: child, childhood, story, theme, genre, children's literature, prose, character, concept, literary image.

Received: 20.06.2022